



BIGING SANDA

BOLASHAQ JURNALISTERMEN KEZDESTI

EÑBEGI EREN, BOLMYSY BEREN EDI

KÓNIL SHALQYQTQAN KESH

2 >>

3 >>

4 >>

## PREZIDENT

# ЕЛБАСЫ АЗАМАТТЫҚ ФОРУМҒА ҚАТЫСТЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның VIII Азаматтық форумына қатысты.

Нұрсұлтан Назарбаев халқымыздың бірлігін нығайту және елімізді орнықты дамыту жолында мемлекет пен қоғам арасында ашық диалог орнатудың маңыздылығын атап өтті.

– Осы форум үкіметтік емес секторға тың серпін беріп, азаматтық қоғамның одан әрі дамуына жол ашуға тиіс. Бүгінгі кездесу барысында күн тәртібінің өзекті мәселелері бойынша нақты ұсыныстар айтылатынына сенімдімін, – деді Елбасы.

Қазақстан Президенті балалар үйлері мен «Ана үйі» дағдарыс орталықтарына қолдау көрсететін ұйымдардың жұмысына арнайы тоқталды. Осыған байланысты, Мемлекет басшысы бизнес өкілдерін осы жұмысқа атсалысатын үкіметтік емес ұйымдарға көмек көрсетуге шақырды.

Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев арнайы санаттағы азаматтардың оқуына жәрдем беру, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту және әлеуметтік маңызы бар басқа да жобаларды іске асыру ісімен айналысып жатқан үкіметтік емес ұйымдарға ризашылық білдірді.

Мемлекет басшысы үкіметтік емес секторды әлеуметтік саясаттың басты бағыттарына тартудың маңыздылығын айтып, үкіметтік емес ұйымдар жобаларын қаржыландыру ісін ашық жүргізілуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.

Сондай-ақ, Елбасы азаматтық бақылау жүргізудің тиімді тетігін құру қажет екенін айтып, бұл ретте Қазақстанның Азаматтық альянсы басты рөл атқаратынын атап өтті.

– Үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік қызметтерді беру жөніндегі жұмыстарды жалғастыруға жөн. Осы бағыттың аясында экология, әлеуметтік жұмыс, балалардың құқығын қорғау және басқа да салалар бойынша жобалар жүзеге асырылуы мүмкін. Үкімет пен Қоғамдық даму министрлігіне барлық айтылған ұсыныстарды мұқият зерттеп, оның іс жүзінде жүзеге асырылуын қарастыруды жүкттеймін, – деді Мемлекет басшысы.

Іс-шара барысында мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуына қоғамдық бақылауды бағалау және қамтамасыз ету үдерісіне үкіметтік емес ұйымдардың белсенді атсалысуы керек екені айтылды.

– Жастар саясатын іске асыру ісінде үкіметтік емес сектордың ролін күшейту қажет. 2019 жылдың Жастар жылы деп жарияланғанын ескеретін болсақ, бұл мәселе өте маңызды, – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев еріктілер қозғалысына қолдау көрсету бағдарламасын кеңейту үшін шаралар қабылдауды тапсырды. Мемлекет басшысы осы қызмет түрінің сұранысы не екені «ЭКСПО-2017» көрмесі мен XXVIII қысқы университеттердің өткізілуі барысында анық көрінгенін атап өтті.

– Үкіметтік емес ұйымдардың атсалысуымен мүмкіндігі шектеулі адамдар, ерекше мұқтаж балалар мен жастар үшін аса белсенді ортаның қалыптасуы жақсы үрдіс саналады. Инклюзивті қоғамды дамыту – әлемдік тәжірибе және барлық дамыған елдердің азаматтық қоғамы жүзеге асыратын маңызды әлеуметтік міндеттердің бірі, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын одан әрі жүзеге асырып, «Ұлы даланың жеті қыры» атты жаңа мақалада белгіленген басымдықтар аясында жұмыстарды бастаудың маңыздылығын атап өтті. Елбасы мұнда көрсетілген бағыттар мен жобаларды іске асыру үдерісіне үкіметтік емес ұйымдарды тарту қажеттігін айтты.

## SAPAR

# «АРАЛ» КОМПРЕССОРЛЫҚ СТАНЦИЯСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Кеше Арал ауданында компрессорлық станция іске қосылды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні қарсаңында жұмысын бастаған «Арал» компрессорлық станциясы елдің оңтүстігін газбен тұрақты қамтамасыз етуге және отандық өнім экспортын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Сексеуіл кентіне жақын аумақтағы станцияның ашылу салтанатына Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Қайрат Шәріпбаев қатысты. Шараға Энергетика министрі Қанат Бозымбаев және республиканың газбен қамтамасыз ететін кәсіпорын басшылары тікелей байланыс арқылы қатысуда.

– Бүгін біз Арал өңірінде «Арал» компрессорлық станциясының іске

қосылу рәсіміне күз болып отыр-мыз. Ұлы даланың қуатын ел игілігіне жұмсау мүмкіндігін тәуелсіз еліміздің қарқынды дамып келе жатқанының бір дәлелі ретінде атап өтуге болады.

«ҚазТрансГаз» АҚ қызметкерлері қысқа мерзім ішінде өте маңызды нысанды іске қосып отыр. Сонымен қатар, жақын арада «Қорқыт ата» компрессорлық станциясы іске қосылады. Тәуелсіздік мерекесінің қарсаңында «Қараөзек» компрессорлық станциясынан Ас-

танаға қарай «Сарыарқа» магистральдік газ құбырының құрылысы қолға алынып, Елордамызға «көгілдір отын» жеткізу жобасының басталуына куәгер боламыз. Осының барлығы халқымыздың ауызбіршілігі мен Елбасы саясатының жемісі, – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ, ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев сырбойылықтардың станцияның іске қосылуымен құттықтады.

Қазіргі таңда «Қазақстан-Қытай» магистральдік газ тасымалдау жобасы болып отыр. Магистраль жұмысы басталысымен 16 индустриальді, жоғары технологиялық нысан бой көтерген. Оның ішінде 13 компрессорлық станция салынған. Жүргізілген газ құбыры арқылы осы кезге дейін 250 миллиард текше метрден астам газ тасымалданды.

– Отандық «Бейнеу-Бозой-

Шымкент» газ құбыры – Қазақстан тарихындағы ірі жоба. Жоба барысында газ тасымалдауды ұлғайту мақсатында біз үш компрессорлық станцияны іске қостық. Соның бірі – осы нысан. Біз осы кезге дейін жылына 10 млрд текше метр газ тасымалдап келсек, енді аталған станциялар арқылы оны 15 млрд текше метрге арттыра аламыз. Оның 5 млрд текше метрі Қазақстанның оңтүстік өңірін қамтыса, қалғаны Қытай мемлекетіне экспортталады, – деді «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Қайрат Шәріпбаев.

Елбасының қолдауымен басталған ірі стратегиялық маңызы бар «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдік газ құбыры аймаққа оң өзгеріс әкелгені белгілі. Облыс аумағынан өтетін 846 шақырымдық газ құбыры аймақтағы аудан орталықтары мен елді мекендерді «көгілдір отынмен»

қамтуға жол ашты. Осыған дейін Қызылорда облысының әкімдігі мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ арасындағы меморандумға сәйкес Арал, Қазалы, Шиле және Жаңақорған аудандары және Байқоңыр қаласын газдандыру жобасы жүзеге асырылған болатын. Биыл ҚР Энергетика министрлігінің қолдауымен қалған 3 аудан орталығы – Жосалы, Теренөзек және Жалағашты газбен қамту жұмыстары басталды. Барлық жеті аудан орталығын 2020 жылы «көгілдір отынға» қосу жоспарланған.

Нақты кезеңде облыс халқының 63 пайызы табиғи газ тұтынуға. Көп ұзамай оның игілігін көретіндер қатарынан 95 пайызға жеткізу міндеті қойылған. Сонымен қатар, газ құбырын тарту барысында жаңа жұмыс орындары құрылып, бұл халықтың әл-ауқаты деңгейін арттыруға ықпалын тигізеді.



## FORUM QARSAŃYNDА



Сыр өңірі экономикалық даму тұрғысы бойынша республикада жетекші аймақ қатарында. Әсіресе, соңғы жылдары әр сала бойынша өңір компанияларын шетелдік және отандық инвесторлармен тиімді әріптестік орнатып, халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған жобалар жүзеге асты. Аймақ экономикасын әртараптылауды, инвестициялық жобалардың қолдау табуына соңғы жылдары тұрақты өткізіліп келе жатқан «Baikonur Invest» форумы ықпал етуде.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

# «BAIKONYR INVEST»: СЫРДАҒЫ СЕРПІН БАСТАУЫ

Дәстүрге айналған инвестициялық форум алғаш рет 2013 жылы өткізілген. Содан бері алқалы жиын инвестициялық қызметтің өзекті мәселелерін талқылау үшін сындарлы диалог алаңы болып саналады. Форум жыл сайын 300-ден астам шетелдік және отандық бизнес қосбасшыларын, инвестициялық компания, ғылыми-зерттеу институттарының өкілдерін, дипломаттардың басын біріктіреді. Осы кезге дейін форумдарға 21 елден,

атап айтсақ, отандық ғылыми-зерттеу институттары және Улыбритания, Ресей, Германия, Швейцария, Франция, АҚШ, Украина, Жапония, Нидерланд Корольдігі, Италия, Түркия, Канада, Польша, Австрия, Бельгия, Иран, Филиппин, Өзбекстан, Беларусь және Әзірбайжаннан банк секторы, мемлекеттік орган, даму институттары, ұлттық компаниялар және бизнес қауымдастық өкілдері келген.

2-бет

## QONYS TOI

# ЕЛ АНАСЫНА ЕРЕКШЕ СЫЙ

Өмір жолындағы тағдыр тауқыметіне мойымай, еңбектен бақыт тапқан ақ жаулықты аналарымыз аз емес. Адал еңбекпен ғана жетістікке жеткен оларды құрметтеуді ұрпағы бір сәтке ұмытқан жоқ. Елдің анасына айналған Еңбек Ері, көпбалалы ана Сәлима Жұмабековаға жана баспана кілтін биылғы «Алтын дән-2018» мерекесінде табыстаған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бұл жергілікті кәсіпкерлердің ел анасына деген сыйы екендігін айтқан еді.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Салтанатты жиында аймақ басшысы «Он бір бала дүниеге әкелген бағыр ана егін даласында еңбек етті. Сондай кездерде өмірлік жары дүниеден озды. Өмірдің қиындықтарына қарамай еңбек даласында тер төгіп, рекордтық көрсеткішке жетіп, еңбектің үлгісін көрсеткен асыл анамызға қандай құрмет жасасақ та артық емес» деген болатын.

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бастаған ел азаматтары Сәлима анамыздың жана үйіне құтты болсын айтып, арнайылап барды. Дастарханнан дәм ауыз тиген өңір басшысы аймақта жүзеге асып жатқан жанылықтардан хабардар етіп, Сыр асыны осындай құрмет пен сый-сияпат жасаған кәсіпкерлерге ризашылығын білдірді.



– Сыр – Алаштың анасы» десе, Сырдың анасына айналған Сәлима анамызға жасап жатқан сый-сияпаттарыңыз еңбек адамына көрсетілген үлкен құрмет, – деген аймақ басшысы анамызға сый-құрмет көрсетті.

– Бүгінгі қоныс тойым Президент күні мерекесімен тұспа-тұс келіп жатыр. Еңбегімді елеп, маған осындай сый жасап жатқан тәуелсіз еліме, Елбасыма, Сыр азаматтарына алғысымды білдіремін. Тәуелсіз ел аспаны ашық болсын, – деген тілегін айтты Сәлима Жұмабекова.

Суретті түсірген Н.НУРЖАУБАЙ.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІН МЕРЕКЕЛЕУ АЯСЫНДА ӨТКІЗІЛЕТІН ІС-ШАРАЛАР ТІЗБЕСІ

29 қараша

«Город моей мечты» атты сурет салу байқауы. Сағат: 10.00. Қызылорда қаласы, көркемсурет галереясы.

Облыстық тарихи-өлкетану музейіндегі Тұңғыш Президент бөліміне экскурсия. Сағат: 15.00. Қызылорда қаласы, облыстық тарихи-өлкетану музейі.

«Тәуелсіздік және Елбасы» атты мерекелік шара. Сағат: 16.00. Қызылорда қаласы, «Талсуат» №2 оналту орталығы.

30 қараша

Жастар арасында үстел теннисінен ашық турнир. Сағат: 10.00. Қызылорда қаласы, облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ.

«Қазақстан Республикасының қалыптасуында Президенттің институтын ролі мен маңызы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. Сағат: 11.00. Қызылорда қаласы, Қорқыт ата атындағы ҚМУ Студенттер сарайы.

«Кемел елдің келесіге» атты концерт. Сағат: 11.00. Қызылорда қаласы, М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжі.

«Ерен Елбасы – кемел қосбасшы» атты тағалымдық шара. Сағат: 11.00. Қазалы ауданы Ф.Мұратбаевтың мемориалдық музейі.

1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай Шиле кенті орталығынан «Рухани жаңғыру» альянсының ашылу салтанаты. Сағат: 11.00. Шиле ауданы М. Шоқай орталық алаңы.

30 қараша - 3 желтоқсан

«Елін танытқан Елбасы» атты фотокөрме. Қызылорда қаласы, облыстық тарихи-өлкетану музейі.

30 қараша

1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған мерекелік салтанатты шара. Сағат: 17.00. Қызылорда қаласы, Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.

«Елбасы. Ел бірлігі. Ел сенім» атты салтанатты шара. Сағат: 11.00. Қазалы аудандық мәдениет үйі.

1 желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай салтанатты жиын. Сағат: 11.00. Жаңақорған аудандық мәдениет үйі.

«Жасампаздық жарқын істеріміз – Елбасымен бірге!» ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған салтанатты мерекелік кеш. Сағат: 17.00. Арал аудандық мәдениет үйі.

1 желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай салтанатты жиын. Сағат: 17.00. Қармақшы аудандық мәдениет үйі.

«Елін сүйген Елбасы» атты мерекелік шара. Сағат: 17.00. Жалағаш аудандық мәдениет үйі.

«Ел ертеңін ойлаған Елбасы» атты концерттік бағдарлама. Сағат: 17.00. Сырдария аудандық мәдениет үйі.

«Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты салтанатты шара. Сағат: 17.00. Шиле аудандық мәдениет үйі.

«Әлем таныған Президент» флешмоб. Сағат: 16.00. Жаңақорған кенті, орталық алаң.

Тұңғыш Президент күніне арналған салтанатты шара. Сағат 10.00. Қарттар үйі.

1 желтоқсан

Т.Ахтановтың «Ант» драмасының қойылымы. Сағат 15.00. Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.

«Менің Тұңғыш Президентім» тақырыптық экскурсиялар. Облыстық тарихи-өлкетану музейі, Қала тарихы музейі.

Тұңғыш Президент күніне орай Сырдария ауданының ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі. Сағ: 9.00. Қызылорда қаласы, Жаңқожа бағыр көшесі (Реабилитация аяғы).

Тұңғыш Президент күніне орай Сырдария ауданының ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі. Сағат: 9.00. Байқоңыр қаласы.



## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 25-сессиясы 2018 жылғы 12 желтоқсанда сағат 11:00-де Облыстық мәжіліс залында (Сұлтан Бейбарыс к., 1) мәжіліс залында ашылды. Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылды:

1. «2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №157 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.  
2. 2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы.  
3. Жергілікті полиция қызметі басшысының есебін қарау және оның қызметін бағалау туралы.  
4. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырысы 2018 жылғы 11 желтоқсанда сағат 15:00-де, тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы сағат 16:30-да өткізіледі.

Облыстық мәслихат.

МАЖЛИС

## ОРТАҚ ІС ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

Сейсенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен мәжіліс өтіп, онда көрсетілген мемлекеттік қызмет сапасын арттыру, ветеринария саласындағы мәселелер мен келер жылғы халық санағына дайындық барысы қаралды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Облыс бойынша көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру шаралары туралы облыстық цифрлық технологиялар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Юлия Трмасованың хабарламасы тыңдалды.

Белгілі болғанындай, бүгінде облыстың жергілікті атқарушы органдары тарапынан 195 мемлекеттік қызмет түрі көрсетілді. Оның ішінде, мемлекеттік қызметтер арқылы – 89, электронды түрде портал арқылы – 95, тікелей мемлекеттік орган арқылы – 46.

Биылғы 10 айда барлығы 2 013 195 қызмет көрсетілсе, соның ішінде мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілген қызмет 30,2 процентке азайған. Керісінше, «электронды үкімет» порталы арқылы қызмет көрсету 2 есеге артқан.

Жергілікті атқарушы органдардың қызмет тиімділігін бағалау критерийлерінің бірі – мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерінің сақталуы. Бұл бағытта облыстық цифрлық технологиялар басқармасы, онымен қоса аудан, қала әкімі аппаратындағы тиісті бөлімдер тарапынан күнделікті орындалуы қажет қызметтерге мониторинг жүргізіліп, қызмет көрсетуші мемлекеттік органдарға ескертіліп отырады. Алайда, осындай ескертулерге қарамастан, биыл 9 айда мерзімі бұзылған қызметтер саны азаяр емес, – деді Ю.Трмасова.

Оның айтуынша, биылғы 9 айда 12 мерзім бұзушылық анықталған.

«Мемлекеттік қызмет көрсету» бағыты бойынша бағалаудың келесі критерийі – мемлекеттік қызметтердің көрсету сапасына ішкі бақылау жүргізуі. Жоспарға сәйкес ағымдағы жылдың 3-тоқсанына 137 нысанда бақылау іс-шарасы жүргізілген. Оның қорытындысы бойынша 284 бұзушылық анықталған.

«Электронды үкімет» веб-порталы арқылы көрсетілген қызметтер үлесін арттыру бойынша, биылғы 9 айда 190 қызметтің

83 түрі, яғни, 43,7 проценті портал арқылы көрсетілсе, қазан айынан бастап енгізілген өзгерістерге байланысты 195 қызметтің 95-і портал арқылы жүзеге асқан.

Жалпы, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес биыл электронды қызметтердің үлесі көрсетілген қызметтер санының 30 процентін құрауы тиіс болса, 10 айда бұл көрсеткіш 33 процентке жеткен.

Мәжілісте облыстық ветеринария басқармасының басшысы Ерсултан Әпетов салада атқарылып жатқан шаралар мен алдағы міндеттер туралы хабарлама жасады.

Жыл басынан бері эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында аса қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы республикалық бюджеттен бөлінген 5190,4 мың доза, энзоотиялық ауруларға қарсы облыстық бюджет қаржысына алынған 641 мың доза ветеринариялық препараттар уақытылы жеткізіліп, егу жұмыстары 100 процентке орындалған.

Сарып ауруына қарсы диагностикалық тексеру нәтижесінде 57 бас ірі қара, 186 уақ мал анықталып, ережеге сәйкес сойылған.

Ал, ауыл шаруашылығы жануарлары бірдейлендіруге байланысты қажетті сығаралар жеткізіліп, бірдейлендіру жұмыстары жүргізіліп, дереккор базасына енгізілуде. Әйтсе де, басқарма басшысы дереккор базасы мен статистикалық мәлімет арасында айырмашылықтар бар екенін, бір жүйеге түспей отырғанын айтты.

Сонымен бірге Е.Әпетов халықаралық эпизоотиялық бюронның талабына сәйкес, барлық елді мекендерде титтік жобаларды мал қорымдарының болуы шарт екенін жеткізді. Биыл облыстық бюджеттен 56,4 млн теңге бөлініп, 4 титтік жобаларды мал қорымы салынды. Облыс бойынша мал қорымдарының жалпы саны 146 болса, оның ішінде ветеринариялық-санитарлық талапқа сай келетіні – 75. Келер жылы салынатын 20 титтік жобаларды мал

қорымының жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, облыстық бюджеттен 6 мал қорымына тиісті қаржы қаралған. Қалған 14-не қаражат қажет.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына қарсы биыл қолайсыз 127 елді мекенде тиісті механикалық тазалау және залалсыздандыру жұмыстары жүргізілген. Келер жылға аталған аурудың алдын алу мақсатында залалсыздандыру жұмыстарына Креолин-Х 5% ерітіндісін пайдалану туралы ұсыныс берілген.

Мәселеге орай аймақ басшысы облыстың буферлік аймақтан жақында ғана шыққанын атап өтті. Сондықтан халықаралық эпизоотиялық бюронның талаптары орындалуы тиіс. Осы арқылы ғана мал өнімдерін экспорттауға мүмкіндік аламыз. Бұл өз кезегінде мал шаруашылығын кәсіп көзіне айналдырған ауылда кәсіпкерліктің өркендеуіне жол ашады.

Мәжілісте сонымен бірге облыста 2019 жылғы халық санағын өткізуге дайындық жұмыстарының барысы туралы облыстық статистика департаменті басшысының орынбасары Нурман Талқанбаев баяндады.

Бүгінде ұлттық халық санағына дайындық жұмысының іс-шаралары бекітілген. Бұл орайда аудандар мен қаладағы көше атаулары түгенделіп, үйлердің, ғимараттардың нөмірлерін ретке келтіру жұмыстары жүргізілді. Саяжай аумақтарының паспорттары жасалып, ондағы тұрғындардың есебі алынып, көшелері нақтыланған. Н.Талқанбаевтың айтуынша, халық санағы кезінде 1200-ден астам адам уақытша жұмысқа тартылған болады. Оның ішінде 159-ы нұсқаушы-бақылаушы. Бір нұсқаушының орташа жүктемесі 833 адам болып бекітілді. Жұмысқа тартылғандар арнайы оқытылатын болады. Арнайы ақпараттық байланыс құралдарымен қамтамасыз ету көзделуде. Санақтың алғашқы 10 күні онлайн режимде жүргізіледі деп жоспарлануда.

Мәжілісті қорытындылаған облыс әкімі мұн тәртібінде көтерілген мәселелердің маңыздылығына тоқталып, тиісті сала басшылары мен орынбасарларына, аудан әкімдеріне бірқатар нақты тапсырмалар берді.

## ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

BRIFING

## РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУДІҢ КІЛТІ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын талқылау үшін баспасөз конференциясы өтті. Оған «Дін мәселелерін зерттеу» орталығының теолог маманы Бақтияр Оспанов пен облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының сектор менеджерісі Майра Сәрсенбаева қатысты.

Шынар БЕКБАН.

– Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы «Болашақ бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының жалғасы. Бұл мақалада Қазақ халқының тереңнен бастау алатын тарихи және мәдени ерекшеліктері, сондай-ақ, әлемдік өркениетке қосқан өзіндік үлесі туралы жазылған. Мақаланы оқи отырып, тарихтың тұңғышына сүңгіп кетесің, – деді Б.Оспанов.

Теолог маман Бақтияр Оспановтың грек аңыздарының барлығында Геркулес, Геракл, Зена сынды батырлары аталатындығына назар аударды. Бірақ олар ешқашан кентәуірлермен соғыспайды. Керісінше олармен үнемі мәміледе болады. Сол кентәуірлер біздің көшпенді бабаларымыз еді. Ат үстінде өздерін еркін ұстай білетін ержүрек батыр ретінде аңыздарда кентәуір қалпында қалдық. Жалпы осы арқылы ата-бабаларымыз кеністікті уақытты өте жылдам игерді. Бұл туралы көптеген ғалымдар, ғұламалар өте жылымен игерді. Тіпті сол заманда біздің ата-бабаларымыз уақыттың, мәдениеттің каталогизаторына айналды деген ұғым бар.

Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының жы-




раулармен жұмыс секторының менеджерісі Майра Сәрсенбаева мақала бүгінгі жаңадану жағдайында ұлттың бірегейлігін сақтауда халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тарихын білетін ержүрек батыр ретінде аңыздарда кентәуір қалпында қалдық. Жалпы осы арқылы ата-бабаларымыз кеністікті уақытты өте жылдам игерді. Бұл туралы көптеген ғалымдар, ғұламалар өте жылымен игерді. Тіпті сол заманда біздің ата-бабаларымыз уақыттың, мәдениеттің каталогизаторына айналды деген ұғым бар.

Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының жы-

раулармен жұмыс секторының менеджерісі Майра Сәрсенбаева мақала бүгінгі жаңадану жағдайында ұлттың бірегейлігін сақтауда халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тарихын білетін ержүрек батыр ретінде аңыздарда кентәуір қалпында қалдық. Жалпы осы арқылы ата-бабаларымыз кеністікті уақытты өте жылдам игерді. Бұл туралы көптеген ғалымдар, ғұламалар өте жылымен игерді. Тіпті сол заманда біздің ата-бабаларымыз уақыттың, мәдениеттің каталогизаторына айналды деген ұғым бар.

Соның ішінде Қорқат ата мұраларын ЮНЕСКО тізіміне енгізу барысында облыстың жеті ауданында бірдей қобыз үйірмелерін ашу жұмыстарын жүргізді. «Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы 219 жыршы-жыраудың өмірі мен шығармашылығы енгізілген үлкен жинақ шығармақшы. Аймақ қолымызға тимеген мұра әлі де жетерлік. Соғардың көшірмесін алып, музыкалық антология шығаруды да жоспарлап отырмыз, – деді Майра Алышбекқызы.

## ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШІ



Елбасының «Ұлы даланың 7 қыры» атты мақаласын оқығанда таудағы құнарлы қабат мысалы есіме түсті.

Тауда құнарлы қабат деген болады. Қалыңдығы 30-35 см-дан зорға асады. Ол мың жарым, екі мың жылдай әрең қалыптасады. Тауда жаңбыр мен қар көп жауғандықтан, шірінді қабат тез шайылып кетеді. Оларды жібермей ұстап тұратын негізгі фактор – таудағы арша мен шыршаңның тамыры. Ағаштың тамыры шаштай таралып, өзара тордай болып

тоқылған кезде тынайған топырақты ұстап қалады. Осы қабат толық түзіліп болғанда тауда небір өсімдіктер өседі. Жұтатын ауан да шипалы болады. Шыршалар жұлғанда осының бәрі қоса құриды. Тауға қайтадан ағаш өсіру жүзеге асырылды. Ал құнарлы қабат екі мың жылда зорға түзіліп болады.

Рухани жаңғыру аясында жасалып жатқан жұмыстар осы жағдайды еске салады. Қона түркілік дәуірден келе жатқан ғұрыптың бәрі мазмұны жағынан әбден байығанша мың жыл уақыт өтті. Мыңжылдық тарихы бар, рухани тұрғыда әбден құнарланып алған мәдени қабаттың үстіне егілген кез келген өнер мен ғылым дүр етіп гүлдене кетуі тиіс. Солай болды да. XX ғасырдың басында бүрк ете қалған қазақ ғалымдары ерекше құбылмай көрінді. Олар ғылымның қай саласында игерді. Бірақ 1917 жылғы Қазан революциясы қазақтын өзін де, дүниетанымын да тоз-тоз қылды. Елбасымыз өз мақаласында рухани қабаттан нәр алған, тұлғалар мен озық мәдени-рухани үлгілерді Ұлы даланың негізгі қырлары ретінде атап өтеді.

Кейінгі жылдары «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы игі істердің барлығын осы мәдени-рухани қабатты қалыпта келтірудегі талпыныс дер едім. Шығармашылық жұмыспен айналыстың көзі ашық адам негізгі рухани қоректі миыңжылдық мәдени қабатынан тартып және сонан тапқан қазынасын қалаған қалпына қайтса, рухани жаңғырудың ең негізгі көрсеткіші сол болар еді.

Нұрсұлтан ҚАРАЖАН, «Сұр медиа» ЖШС ақпараттық-таудау орталығының әлеуметтанушысы.

ТҮҒАН JERGE TAGZYM

## БОЛАШАҚ ЖУРНАЛИСТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Қорқат ата атындағы ҚМУ-да «Хабар агенттігі» АҚ сараптамалық бағдарламалар бөлімінің тілшісі, «Болашақ» бағдарламасының түлегі Нұрбек Әмнша студенттерге арнап семинар-тренинг өткізді. «Руханиетті қолдау» қоғамдық қоры ұйымдастырған шара «Әлемдік медиа брендтер мен БАҚ-тың отандық журналистикаға ықпалы» тақырыбын қамтыды.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Семинар барысында спикер түрлі апарат көздерімен жұмыс істей білу дағдысын арттыра отырып, әлемдік БАҚ-тың тың тәжірибесін қолға алатын қажеттілігін алға тартты. Қазір мобилді журналистиканың, виртуалды байланыстың, тікелей эфирдің дәуіріне жүріп тұрғанына тоқталып, «Ақпаратты асықпай беру» деген түсініктің келмеске кеткенін жеткізді.

– Соңғы жылдары әлемдік экономика, ақпарат тарату жолдары өзгеріске ұшырады, жаңа технологиялар келді. Орын алған сөз еткізер оқиғаны дер кезінде ұсынбағандық, оның мәні жоғалды, оқырманды, көрерменді тарту да қиында соғды. Сондықтан «Қаламыз

хаил Ломтадзе әлеуметтік желіде қазақстандықтарға үндеу жолдап, атықты басты. ҚР ПМ де заңға сәйкес жалған ақпарат таратқандар анықталып, олардың жазаға тартылатынын хабарлады. Расында, бұл құбылыс ақиқатқа қатер төндірді. Онымен күресу керек. Ақпарат таратуда абай болып, сенімді дереккөздерге сүйенуді ұмытпауға тиіспіз. Бұл ретте Орталық Азия және Қазақстандағы тұңғыш фактивтіліктен танбауы керек, – деді Н.Әмнша.

Семинар барысында «фейк ныспен», яғни қазір қоғамда белең алып отырған жалған ақпараттармен күрес жайы сөз болды. Бұл орайда ол жуырда ғана «Kaspi Bank»-ке қатысты «WhatsApp» желісі арқылы таратқан ақпаратты мысалға келтірді.

– Жалған ақпараттың пайда болуына әлеуметтік желілердің дамуы қарқын берді. Мәселен, осы ай ішінде таралған «Kaspi Bank» банкротқа ұшырады» деген жалған аудиохабарлама көптің үрейін туғызды. Артына банк басшысы Ми-

## «ВАЙКОНУР INVEST»: СЫРДАҒЫ СЕРПІН БАСТАУЫ



Аймақта бүгінге дейін 9 инвестициялық форум ұйымдастырылыпты. Нәтижесінде 110-нан астам меморандумға қол қойылып, экономикаға 100 миллиардтан астам теңге инвестицияланған.

Жалпы, инвестициялық форумның берері көп. Әлемнің ірі бизнес өкілдері, алып компания өкілдері бас қосқан жиын нәтижесінде осы уақытқа дейін автобус паркі салынып, жылумен қамту желілері қайта құрылды. Келісім нәтижесінде іске асқан бірқатар инвестициялық жобаларды ерекше атап өту керек. Бүгінде аймақта әлемдік бәсекеге қабілетті экспорттық өнім шығаратын өндіріс орны – тампонажды цемент және шыны зауыттарының құрылысы басталып, қалыңдығын арттыратын сода өндірісіне арналған тұзды өңдеу зауыты бой көтеретін болды.

Сыр цементінің нарыққа шығару күні де жақын. Алдағы желтоқсан айында елімізде алғашқы тампонажды цемент зауыты мерзімінен бұрын пайдалануға беріледі. Елімізде ғана емес, Орта Азияда бірінші болып құрылысы басталған зауытты қазақстандық «DANAKE» корпорациясы мен Қытай мемлекетінің «Гежуо групп цемент» компаниясы бірлесіп қолға алған. Бас мердігері «Чайна Триумф Интернэшл» – әлемдегі үздік 50 халықаралық кәсіпбасшы компания қатарында. Зауыт жұмысы басталса, жылына 1 млн тонна тампонажды цемент өндіреді деп күтілуде.

Ал шыны зауытын іске қосу келер жылдың жаз айына жоспарланып отыр. Осы жобаның екінші кезеңінде күн батареялары, смартфондар мен планшеттер үшін пайдаланылатын өте жұқа әрі ұлытра мөлдір шыны өндіру үшін қытайлық компания жұмысын бастады. Жоба бойынша жылына 197,1 мың тонна табакша шыны шығарылып, өнділеді деп жоспарланған.

Жалпы, соңғы жылдары өңірде мұнай өндіру көлемінің төмендеуіне қарамастан, өткен жылдың қорытындысы бойынша облыс соңғы төрт жыл ішінде бірінші

рет ішкі жалпы аймақтық өнім бойынша оң көрсеткішке қол жеткізді. Жыл сайын мұнай мен оған қоса уран өндіру көлемі төмендеп келе жатса да, бұл жеке биыл да сақтап қалатын мүмкіндік бар. Соңғы үш жыл ішінде өңірдегі өнеркәсіпке салынған негізгі капиталға инвестицияның көлемі екі есеге, еңбекпен қамтылғандардың саны 55 процентке артқан.

Алайда, экономиканы шикізат емес секторды дамыту арқылы әртарапандыру негізгі міндет болып саналады. Бұл орайда тампонажды цемент зауытының жуырда іске қосылып, шыны зауытының келер жылы ел игілігіне берілетінін атап өттік. Ал өткен айда Жаңақорған ауданындағы «Шалкия» қорғасын-мырыш кен орнында тау-кен байыту комбинатының құрылысы басталды. Елбасының тікелей бастамасы мен қолға алынып отырған ауқымды жобаны «Engineering Dobersek GmbH» компаниясы жүзеге асырса, құрылыс жұмысына жергілікті азаматтар қатысады. Өндіріс іске қосылған кезде комбинатта 1500 жұмыс орны ашыламық.

Бүгінде ауыл шаруашылығы саласын дамыту бағытында да сырт елдермен келісімдер жасалғанын айта кету керек. Күрші өнімін қазірдің өзінде аймақ шаруашылықтары Монғолия, Түркия, Ауғанстан нарықтарына шығара бастады. Иранның күрші сорттарын игеру қолға алынды. Сондай-ақ, 2016 жылдан бері бақша өнімдері экспортқа шығарылуда. Өткен жылы көкөніс пен мал Біріккен Араб Әмірлігі, Иран, Монғолия, Өзбекстан елдеріне, үстіміздегі жылы тұңғыш рет мақсары майы Қытайға экспортталды. Облыста соңғы жылдары жүргізілген жұмыстар нәтижесінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты 28 процентке ұлғайды.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев республикалық бұқаралық ақпарат өкілдеріне арналған баспасөз конференциясында аймақтың сыртқа шығаратын өнімдері күрші, тұз және балық болып қала беретінін атап өткен болатын. Аталған салалардың экспортқа бағытталғаны

ТАҒЫМ

**Пендеміз. Құдай шебер. Әлемдегі 7 миллиардтан аса халықтың әрқайсысын өз ерекшелігімен бір-біріне ұқсатпай жаратқан Алданы қалай шебер демейсіз? Жаратушымыздың әр пенденің мына пендеуі дүниенің бір тамшысын қоса жаратқаны да шындық.**

Сол бір тамшы адам ғұмырында мырзалық, бекзаттық, қайырымдылық, парасаттылық, білімпаздық, дүниеқонғандық, өктемдік, мастану әрекеттері арқылы көрініс береді. Бұл қасиеттердің жақсы жағы басым болса, ондайларды жақсылар қатарына қосамыз. Олардың есімі ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беріледі, ұмытылмайды, есте қалады. Ой толқынын тереңнен қозғап жатқанымыз себебі – биыл тірі болғанда 90 жасты толтырар Болаш Уәлиев ағаның жарқын бейнесін оқырмандарға жеткізу.

Болаш ағаның базарлы балалық шағы Теренөзек қыстағында өтті. Ол кезде аталған мекенде түрлі ұлт өкілдері тұратын. Калинин атындағы мектептің орыс сыныбында оқыған бала Болаш ешкімге ессін жібермейтін қайсар болып өсті. Әу бастан әділетсіздікке жаны қас, әлсіздерді демеп жіберуге дайын тұратын ол кейін лауазымы жоғары қызмет атқарған кездерде де осы ұстанымынан тайған емес.

«Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған Болаш Уәлиев – облысымыздағы төрт ауданды басқарған, Сыр өліне ерекше еңбегі сіңген, оның дамуына зор үлес қосқан тұлға.

Болаш ағаның қызметінің алғашқы кезеңі Отан соғысының отты жылдарына тұста келді. Қызметін аудандық жер бөлімінде статистика саласының экономисінен бастаған ол, аз уақыт ішінде іскерлігімен көзге түседі. Жалынды жас соғыс ланы күйреткен елдің еңсесін тіктеу жолында еңбек етті. Елуінші жылдардың басында Жаңақорған аудандық комсомол ұйымын басқарып, көп ұзамай облыстық партия ұйымының нұсқаушысы, кейін сектор меңгерушісі болды. 1962 жылы жоғары партия мектебін бітіріп, Жалағаш ауданына басшылыққа келеді.

Болаш ағаның саналы ғұмырының 20 жылы Арал ауданында өтті. Сондықтан оның еңбек жолында айдынды Аралға байланысты сәттер көп кездеседі. Жаңақорғанда Болаш аға ұлтты орыс болғанмен, пайым-парасаты қазаққа бергіз Зоя Илияқызымен шаңырақ көтеріп, отбасын құрды. Болаш аға мен Зоя жеміздің бас қосуының куәгерлері Исатай Әбілқаримов пен Үмітұлына апаның

болуы оларды жақсылыққа жетелесе керек. Қазақ тілін жетік меңгерген Зоя апамыз қайныларының атын атамай «Бала», «Мұғалім бала», «Ақын бала» деп олардың мамандығына, із бір ерекше мінездеріне орай ат қоятын.



Болаш аға Аралға басшы қызметке келгенде, онда төрт әскери қалашық болыпты. Қалада спортпен айналысуға толық мүмкіндіктер жасалынып, оның игілігін ел көрді. Аудандағы жалғыз Н.Крупская атындағы орта орыс мектебінің жұмысы Мәскеу мен Ленинград сияқты қалаларда білім алған білікті мамандардан жасақталған. Болаш ағаның ұл-қыздары Әділбек, София, Гүлнар, Бауырбек осындай үлгілі мектепте оқып, кейін әртүрлі салалардың жоғары білімді мамандары болды.

Болаш аға әскери білім басып аларымен келісіп, оларды аудан тіршілігін жандандыру үшін шебер пайдалана білді. Бір мысал – аудан орталығынан 110 шақырым жердегі Бөген ауылындағы мектепте көмір таусылып, оқуды тоқтату қаупі туалды. Саршұнақ аязда оған көмір жеткізу үшін қуатты техника қажет болады. Болаш аға әскери достары арқылы мәселені шешіп, мектепте оқуды жалғастыра беруге мүмкіндік жасайды. Арал халқын тұщы ауыз сумен, «Арал тұз» комбинаты мен балық өндіріс зауытын озық техникаға негізделген құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуде жасаған еңбегін көз көргендер осы уақытқа дейін тамсана еске алады.

Адамға деген жанашырлығы, қолынан келсе жақсылық жасауға бейім тұратындығы оның іс-әрекеттерінен көрініс тауып тұратын. Бірде ауладағы сарайда жаюлы тұрған етті екі жігіт қапқа салып жатқанының үстінен шығып, милиция шақырып, өздерін әбден ұялтып, қазақтың кара сөзімен сыбап, ұстатып жібереді. Артынша өзі милиция басшысына телефон шалып, ешбір жаза қолданбай босаттырады. Олар сотталған жағдайда болашағына

кезеңі облысты Е.Әуелбековтің басқарған жылдарына сәйкес болды. Қызылорданы 4 жыл басқарған Еркін Нұржанұлының есімі Сыр елі тарихында алтын әріппен жазылып қалды. Дегенмен, 90 пайыздан аса қазактар тұратын аймақтың өзіндік ерекшелігі бар. Е.Әуелбеков басшылардың біразын өзге ұлттан қойып, жергілікті аудан басшыларына бақылау жасады. 1985 жылы ешбір жаза қолданбай босаттырады. Олар сотталған жағдайда болашағына

балта шабыларын есептеген ғой. Бала тәрбиесіне, әсіресе қыздары София мен Гүлнарға өте қатал болыпты. Ол жек көргендігі емес, қыздың жолы жіңішке дегенді ұстанып, келешекте жақсы азамат болсын деген әкелік қамқорлығы еді. Бастықтың баласы болса да, перзенттері қарапайым отбасы тәрбиесімен өсті.

Болаш ағаның жақсы сыйласатын, сағынышпен көрісіп кездесетін достары да баршылық еді. Өзімен кызметтес болған И.Әбілқаримов, Т.Есетов, А.Нұрқеев, А.Маханбетов, Е.Әуелбеков, С.Шаухаманов, С.Қалыбаев, Е.Көшербаев, А.Айдосов, О.Әзжолбаев, А.Әзжолбаев, Қ.Бектурғанов, М.Ықсанов, Е.Жүнісбаев, М.Шорабаев, Ғ.Мұхамедов, Б.Баймаханов, С.Өлеш, Б.Қонтаев, К.Айбосинов, Т.Оразов, Е.Исаев сынды ел азаматтарымен сыйластыққа сызат түсірген жок.

Руханият саласы өкілдерімен де жақсы сыйластықта болды. Әсіресе, Шыңғыс Айтматов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Қалтай Мұхамеджанов, Әбіраш Жәмішовтермен достығы жатқан бір хикая.

Болаш ағаның қызметінің соңғы

стилін сыңға алды. Сөйтіп Болаш аға бетке айтудың берені екенін дәлелдеді.

Өзінің «өтпеген-айып» түсіну үлкен адамгершілік пен парасаттылыққа саяды. Болаш ағаның сынына Еркін Нұржанұлы түсіністікпен қарады. Оның басты себебі Б.Уәлиевтің тұрмысын тексеріп, артық дүние жимағанын, оның адал, таза азамат екеніне көзі жеткенді. Сөйтіп денсаулығына байланысты қызметтен өз еркімен босануына жазған екінші арызын қанағаттандырады. Е.Әуелбековтің тікелей тапсырмасымен Болаш ағаға қала орталығынан пәтер мен су жана жеңіл машина берілді.

Болаш аға мен Зоя апамыз, олардың ұлдары Әділбек пен Бауырбек өмірден озғанмен, Аллага шүкір Уәлиевтер әулеті өсіп-өніп келеді. Қаланың сәулеті бір көшесі Болаш Уәлиев есімімен аталады. Ширек ғасырға жуық өмірін Аралда өткізген ағаның есіміне осы аудан орталығынан да көше берілсе деген ұсыныс-тілекпен сөзімізді тәмамдаймыз.

**Қазбай ҚУДАЙБЕРГЕНОВ,**  
**ҚМУ профессоры.**

ASHYQ ESİK KÚNI

**«БЖЗҚ» акционерлік қоғамы Қызылорда облыстық филиалының баспасөз қызметі хабарлағандай, «БЖЗҚ барлық салымшыларға қолжетімді» атты ашық есік күні өтті. Бір ерекшелігі, шараға бұл жолы салымшылармен бірге жоғары сынып оқушылары мен студенттер арнайы шақырылды. Филиал директоры Арнұр Құрманғали атап өткендей, қор өскелең ұрпақтың арасында қаржылық сауаттылық пен зейнетақыны жоспарлау дағдыларын қалыптастыруға ерекше мән береді.**

ҚОР ҚЫЗМЕТІ ҚОЛЖЕТІМДІ

– Бүгінде зейнеткерлер зейнетақысының негізгі бөлігін мемлекеттік бюджеттен алатын болса, қазіргі оқушылар мен студенттердің зейнетақы көлемі келешекте негізінен олардың өздерінің аударған жинақтарына байланысты болады. Сондықтан оларды мектеп талбалдырығынан бастап зейнетақыны жоспарлауға үйретуіміз керек, – дейді филиал жетекшісі.

Шараға қатысушылар қор қызметтеріне қалай жүгінуге болатындығымен және кеңес алу жолдарымен танысты.

Зейнетақы қызметтерінің қолжетімділігі – Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қорының басым бағыттарының бірі. Бүгінде Қор қызметтері еліміздің барлық тұрғындарына дерлік қолжетімді. Нақты кезеңде республиканың бүкіл аймақтарында 216 дербес қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. Көшпелі қызмет тиімді ұйымдастырылып, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға мобильді агенттер қызмет көрсетеді. Саланы жетілдіру үшін барлық өңірлік филиалдарда терминалдар, 10 қалада ақпараттық дүңгіршектер орнатылған. Сонымен қатар көптеген қызмет түрлері enpf.kz сайты, egov.kz электрондық үкімет сайты және биыл іске қосылған telegram-бот арқылы да қолжетімді. Са-

лымшыларға кеңес беру үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығы жұмыс істейді. Толғандырған сұрақтарды атап Қор төрайымының блогына немесе әлеуметтік желілердегі парақшаларға жолдауға болады. – Қор қызметтерінің 80 пайызы оларды мектеп талбалдырығынан бастап зейнетақыны жоспарлауға үйретуіміз керек, – дейді филиал жетекшісі.

Қор өкілдерінің айтуынша, электрондық тәсілмен міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын есептеу жөніндегі жеке зейнетақы шоттарын ашуға, жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы хабарлама алуға, деректемелерді немесе ЖЗШ жай-күйі туралы ақпарат алу тәсілін өзгертуге және т.б. қызметтер алуға болады. Сондай-ақ, Қор сайтында болашақ жинақтар мен төлемдердің шамалас мөлшерін есептеуге арналған зейнетақы калькуляторы бар.

«СБ» ақпарат.

QUYUQ

ТҮЗУ ЖОЛҒА САЛУ – МІНДЕТІМІЗ

**«Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығы» әзірлеген «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтуды ұйымдастырудың бірлескен іс-шара жоспары» Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаменті мен облыстық денсаулық сақтау басқармасы және осы салаға қатысты дербес мекеме басшыларымен келісіліп, 2018 жылдың 30 қаңтарында бекітілді.**

Қазақстан Республикасының түзеу мекемелерінен жазасын толық өтеп шыққан, пробация қызметі мен жергілікті полиция қызметтерінің есебінде тұрған 247 адам есепке алынды. Есепке алынған азаматтармен кездесу жүргізіліп, оларға әлеуметтік карта толтырылып жеке істері ашылды. Оның ішінде 30 жасқа дейінгі азаматтар – 60, 40 жастан аскандар – 158, 50 жастан аскандар – 29. Есепке алынғандардың 3-еуі қайта қылмыс жасаған.

Жергілікті полиция қызметінің полиция инспекторы түзеу мекемелерінде жазасын өтеп келген азаматтардың мекен-жайларында болып, олардың туған-туысқандарымен кездесіп, 8 адамға зерттеу актісі жасалды.

Осы жылдың 9 айында 141 адам жұмыспен қамтылды, оның 33-і орталық мамандарының ықпалымен тұрақты жұмысқа орналастырылды, өзін-өзі жұмыспен қамтып, жұмыстан бас тартқандар – 108, ақылы қоғамдық жұмысқа орналасқандар – 7. Қысқа мерзімді қайта даярлау курстарына 5 азамат жолданып, оның 2-і оқу курсы аяқталды. Мекеме мамандары жазасын толық өтеп шыққан және пробация қызметінің есебінде тұрған 325 азаматқа құқықтық көмек көрсетті. Психологтар 329 адамға көмек берді, оның 325-і пробация қызметінің есебінде болса, 4-і жазасын толық өтеп шыққан.

2017 жылдың 6-желтоқсанында Қызылорда қаласы әл-Фараби шағын

ауданы тұрғыны, бұрын сотты болған 1989 жылы туылған Ж.Жарасбаев жұмысқа тұруға көмек сұрап арызданған. Жүргізілген тексеруде Ж.Жарасбаевтың дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша оқығаны мен ауыр атлетикадан Қазақстан Республикасының 3 дүркін чемпионы, 8 мәрте жүлдегері болғаны және жасаған қылмысы үшін өзін-өзі кінәлі сезінетіндігі анықталды.

Мекеме тарапынан Ж.Жарасбаевқа құқықтық, психологиялық көмек көрсетіліп, жұмысқа тұру үшін қолына өтінім-пікір дайындалып берілді. Нәтижесінде ол облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының «Қайсар» ойын түрлері бойынша спорт клубы» КМҚҚ-ға штаттық бірлікпен әдіскер қызметіне қабылданып, қазіргі уақытта жұмыс жасауда.

Біздің қызметкерлермен жыл басынан бері «Өмірлік қиын жағдайға қалған адамдарды қайта әлеуметтендіруге арналған орталыққа» 7 адамды орналастырды, оның 3-і жазасын толық өтеп шыққан.

Мекеме қызметкерлері Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты түзеу (ЗК-169/1) изоляторы, ЗК-169/4 Тартоғай ауылы және ЗК-169/5) мекемелерінде болып жазасын өтеп жатқандармен кездесу өткізіп, оларға жеке міндеттері мен миссиялары және босатылғаннан кейінгі көрсетілетін құқықтық, психологиялық және әлеуметтік көмектер туралы мәлімет берді және олардың тарапынан қойылған сұрақтарға орай түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 2018 жылдың 9 айында түзеу мекемелерінде «Қақпа алдында кездесу» іс-шарасы 8 рет өткізілді.

Оларды жұмыспен қамту мақсатында қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұйымдастыруымен «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне» қатыстыруға мүмкіндік жасаудамыз. Жәрмеңкенің нәтижесі бойынша түзеу мекемелерінен босап шыққан және пробация қызметінің есебінде тұратындардан 17 азамат жолдама алып, тұрақты жұмысқа орналасты.

**Х.ЕМБЕРГЕНОВ,**  
**«Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығының» әлеуметтік маманы.**

BRIFING

**Өмірлік коммуникациялар қызметінде облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Олжас Бисақовтың және «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» ҚЕ АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетовтің қатысуымен брифинг өтіп, онда еліміз бойынша 15 қараша аралығында жүргізілген тұрғындарды емханаға тіркеу науқанының қорытындысы туралы айтылды.**

Айнұр БАТТАЛОВА.

Жалпы еліміз бойынша науқан нәтижесінде 300 мыңға жуық адам

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

БАСТЫ МАҚСАТ – САПА

**Сандық технологияның нәтижесінде мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының кейбір қызмет түрлерін тұрғындар үйде отырып ала алады. Бұл туралы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы А.Мұхиямов пен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес АҚ-ның Қызылорда облысы бойынша филиал директоры А.Қайруллаев өткізген қоғамдық қабылдау барысында айтылды.**

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Ең алдымен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Қызылорда облысы бойынша филиалының мамандандырылған бөліміндегі орталық жұмысымен

13491 ТҮРҒЫН ЕМХАНА ТАҢДАУ ҚҰҚЫҒЫН ПАЙДАЛАНҒАН

медицина ұйымын таңдау құқығын пайдаланған. Ал, өңірмізде олардың саны 13491-ді құрап отыр. Оның 11646-сы алғашқы медициналық-санитариялық қызмет ұйымына өтініш беру арқылы тіркелсе, қалған 1845-і онлайн қызметті таңдаған. Былтырғы тіркеу науқанында облыста 18 мыңға жуық тұрғын емхана таңдау құқығын пайдаланған. Тіркелген азаматтардың 77,5 проценті мемлекеттік емханаларға тіркелсе, 22,5 проценті жеке клиникаларды таңдаған. Сала басшылары алдағы уақытта емхананың тіркеу бөлімдері арқы-

лы тіркелу тоқтатылатынын, бұл шешім жүйелі проблемаларды жойып, қызметін асыра пайдалану және фальсификация фактілерінің алдын алу мақсатында қабылданып отырғанын айтты.

– Бұған алаңдаудың қажеті жоқ. Себебі, емханаға тікелей барып үйренген азаматтар енді халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметіне жүгіне алады. Орталықта Connection Point бөлімшелері бар, олар egov порталына қосылған. Сол жерде арнайы кеңесшілердің көмегіне жүгінуге болады. Екіншіден, egov.kz жу-

ырда telegram-ботын іске қосты. Смартфонның көмегімен осы бот арқылы да тіркелуге мүмкіндік бар. Сонымен бірге, балаларды да онлайн режимде тіркеуге болады. Жүйе барлық мәліметтерді қысқа мерзімде автоматты түрде шығарып береді, – деді Б. Исмаханбетов. Аймағымызда былғы тіркеу науқанына 20 медицина ұйымы қатысқан. Оның жетеуі жеке. Бұлар келер жылы кепілдендірілген тегін медициналық көмек шеңберінде тұрғындарға қызмет көрсететін болады.



танысан тиісті мекеме басшылары жұмыстың сапалылығы мен қолжетімділігіне мән берді. Ең басты талап – халықтың кедергісіз қызмет алуы. Бұл мақсатта кейбір орын алған кемшіліктерді жоюға, қызмет сапасын әлде де жетілдіруге ұсыныс айтылды.

Ал, қоғамдық қабылдауға келгендердің айтар мәселесі бір. Соның бастысы – әуежайға барар жолда орналасқан бұл орталыққа жету үшін қоғамдық көлікті көбіейту керек. Кейбір тұрғындар өздері тұратын аудандағы инфрақұрылым

мәселесін де осында айтып жатты. – Бұл ұсынысты қала әкімдігіне жеткізетін боламыз. Жалпы, мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығында талапқа сай қызмет көрсетілуде. Қазір тұрғындар қайталама жүргізуші куәлігін орталыққа келмей-ақ, электронды портал арқылы ала алады. Бүгінде мыңнан аса тұрғындар осы қызметті үйде отырып алады. Мұнымен қатар көлікті сату-сатып алуды тіркеу қызметін электронды түрде алуға болатынын көпшілікке насихаттаудамыз, – деді А.Қайруллаев.

**КІРПІШ САТЫЛАДЫ**  
Қызылорда қаласында украиндық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады. Өлшемі 250x120x88 мм, 250x120x65мм.  
Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69. (6-6).

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастыруыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

## ОНЕР

## КӨНІЛ ШАЛҚЫТҚАН КЕШ

Н.Бекежанов атындағы облыстық драма театрында ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Төлеген Мұхамеджановтың «Күс жолы» атты шығармашылық кеші өтті.

✎ Газиза ӘБІЛДА.

Қазақ өнерінде дара орны бар, Төлеген Мұхамеджановты 70 жасқа толған мерейтойымен облыс әкімі Қырымбек Көшербаев құттықтап, сый-сияпат табыстады.

Осы бір толғанысты сәтте сонау тоқсаншы жылдары тағампаз көрерменнің жүрек төрінен орын алып, шынайы махаббаттың көрінісін бейнелеген талантты режиссер Талғат Теменовтің "Махаббат бекеті" фильмін еске түсірсек деймін. Күні бүгінге дейін өз тыңдармандарын еселей түскен "Махаббат бекеті" композициясының авторы Төлеген Мұхамеджанов осындай халықтың жанына жақын махаббат әндерімен қатар, симфония, опера, камералық шығармалар жазып, қазақ өнерінің классикалық үлгісін дамыта білді, – делі аймақ басшысы. Сондай-ақ, облыс әкімі Т.Мұхамеджановтың өнер сахнасынан бөлек, саяси қызметіндегі салмақты орын атап өтті.

Талантты композитордың ақын Ү.Есдәулеттің сөзіне жазылған "Заманай" әні сонау бір кездегі адамзат үшін аса маңызды мәселенің салмағын көтеріп, ел тарихынан ерекше орын алған еді. Одан басқа, Б.Тәжібаевтың сөзіне жазылған "Інқарым-



ай", М.Макаевтың сөзіне жазылған "Отан", Ү.Есдәулеттің сөзіне жазылған "Күс жолы" әндері халық арасында кең тараған өміршең туындылар. Әсіресе, композитордың қазақ фильмдеріне арнап жазған "Махаббат бекеті", "Балалық шақ" сияқты (саундтрек) шығармалары арада қанша жылдар өтсе де, әлі күнге тыңдаушыларын айрықша әсерімен тәтті етіп келеді.

Концертте кеш иесінің туындыларын Қазақстанның халық артисі Нұржамал Үсенбаева, К.Байсейітова атындағы опера және балет театрының әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сүндет Байгожин,

сондай-ақ, Сырдың тумасы Мақсат Мақұлбеков, Назерке Нұрадинова сияқты танымал әншілер орындады.

Кеш барысында эстрада жанрындағы бірнеше шығармаларын орындаған композитор көрермен қауымының қошеметінен ерекше шабыт алғандай. Кейбір шығармаларын қосыла орындап, қолдау таптығын отырған тыңдармандарға жеке ән жинағын тарту етіп, Сыр өлкесінің өнерсүйер жұртына ыстық тілпаттын жеткізді.

Суретті түсірген: Н.НУРЖАУБАЙ.

## JEDEL SUHBAT

Бүгін облыс орталығында «Туған жерге тағзым» акциясы өткізіледі. Шарада Сыр елінің атын алып-жақын шет елдерге танытып, білім, ғылым, мәдениет, кәсіпкерлік, спорт салаларында өз биігін бағындырған азаматтар бас қосады. Арнайы шақырылған азаматтар қатарында Сыр елінің перзенті, журналист, «Хабар» агенттігінің қызметкері Нұрбек Әмиша да бар. Жуырда жерлесіміз «Болашақ» халықаралық бағдарламасы арқылы Англияның Лидс қаласында білім алып, елге оралған болатын. Форум алдында туған жерге келген Нұрбек Шынтөмірұлымен медиа саласы, «Болашақ» бағдарламасы турасында сұхбаттасудың сәті түскен еді.



Нұрбек ӘМИША, «Болашақ» бағдарламасының түлегі:

## «ТУҒАН ЖЕРГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗ»

– Нұрбек Шынтөмірұлы, жуырда саяси қатынастар магистрі атандыңыз. Екі жылға жуық уақытыңыз шет мемлекетте өтті. Енді «Жеті күндегі» жұмысыңыз жалғаса ма?

– Айдана, дәл қазіргі толқымалы көңіл-күйімді дөп бастың. Расымен, елге келгеніме екі айдан асты. Шетелден білім алып келген барлық мамандар секілі бұрынғы жүйеге түсудің қиындығын сезініп жүрмін. Бұл білім таяздығынан бұрын байқамаған дүниелерге енді басқа көзқараспен қараудың, саяси мәселелерге қатысты ойдың өзгеруінен болар.

Айталық, аквариумде гана жүзіп үйренген балықты мұхитқа шығарсаңыз қандай болады? Ал мұхитты шарлап жүзген балықты қайтадан тар аквариумге салсаңыз ше? Қайта қалыптасуы, үйренуі қиын ғой. Қазіргі жағдай дәл осындай. Білім алу жолында тоқтап қалған секілі көрінесіз. Ойыңдағы идеяны жасатқызау салдарынан ішкі конфликті де бар. Сондықтан, басқа салаларда да өзмің сынап көруді ойлап жүрмін.

– Жалпы, англиялықтардың өмір сүру стилі, жастардың қоғамдағы орны туралы айтып берсеңіз. Біздегі кемшіл тұстар, мәселелер ол жақта қалай шешімін тапқан?

– Ағылшындар жалпы индивидуалды өмір сүру салтын ұстанатын халық. Құндылықтар біздің құндылықтан мүлде бөлек. Капиталистік қоғам болғасын бастысы – қаржы табу, сосын өзім үшін өмір сүру деген қағида қалыптасқан. Демократиялық қоғам болғасын «қалай өмір сүрсем де өзім білемін» деген ұстанымды байқайсыз. Жақсысы, қай жерде де адамға құрмет бар. Киімге қарап сыйлайтын біздің қоғамымыз онда ізі де жоқ. Ал жастары еркін. Өздерін маңызды сезініп, «менің ойым, үлесім бұл мемлекеттің дамуы үшін қажет» деп есептейтін қоғамдық сананы көресіз. Себебі бұл елдің саяси жүйесі өте ашық. Азаматтардың, жастардың саяси шараларға қатысу белсенділігі бұл елде де төмендеу. Бірақ бастысы, демократиялық билеу жүйесі тек конституцияда ғана жазылып тұрған жоқ. Шын мәнінде жүзеге асып отыр.

– Сұхбаттарыңыздың бірінде бәсекеге лайықты, мықты маман болу үшін шет елде білім алуға атандыңыз деген екенсіз. Англияның білім беру жүйесі ойыңыздан шықты ма?

– Білім мен ғылымдағы «тазалық» менің көзімді ашқан дүние болды. Университет ағылшын тілді ғылыми еңбектер жинақталған электронды ресурсты қолына береді. Онда кез келген тақырыптың бұрынғы және қазіргі зерттелуі, бір мәселеге әртүрлі ғылыми көзқарастар, дискуссиялар бар. Алып, оқып, сілтеме жасап, пайдалансаң да болады. Пікірінді білдіріп, өз тәжірибен мен ғылыми жұмысың турғысынан қарсы ой жазсаң да мархабат. Бастысы, ондағы университеттердің өз алдына отау тітіп, өндіріске ғылыми жаңалықтар қосып жатқаны. Солалапат ғылыми айналымын ішінде өзіннің де жүргеніңе, шама-шарқыңша оқып, керіні алуға тырысқанына қуанасың.

– Шет ел көргенің көпшілігінің елге қайтқысы жоқ. Соңғы үш жылда

Қазақстаннан қоныс аударғандардың саны арта түскен. Ал, «Болашақпен» білім алушыларды елге қайтып келуге міндеттейтін дүние – келісім шарт. Жалпы, осы жерде туып-өсіп, мемлекет қаржысына білім алғандардың елге қайта оралғысы келмеуінің себебі неде?

– Бұл сауалға жалпылама жауап бере алмаймын. Әркімнің субьективті мәселесі болуы мүмкін. Біреулер ғылыми, академиялық білім жолын жалғастырығысы келеді, кейбірі Қазақстанда бір жылда алатын айлығын бір-ақ айда табуға болатын алып компанияға жұмысқа орналасуы мүмкін. Рас, жағдайға жоғары табысқа қызығып қалып қоятындар бар. Бір айта кетерлігі, ол жақтағы ғылым бұл жақта жоқ. Бізде ғылымды қарьера, өсу үшін баспалдақ ететіндер көп. Сондықтан, елдегі «коллективтік» ойлау жүйесімен барғандар, ол жақтағы индивидуалды білім алуы көргеннен кейін ойы өзгеріп кетеді. Осы ғылымның ізінде жүрсем, әділ түрде өсе аламын деген сенім пайда болады. Олардың елге келгісі келмеуінің бір себебі осында. «Болашақ» бағдарламасы жүзеге асқалы 25 жыл болыпты, арнайы сан мен сапаға талдау жасау керек секілді. АҚШ-ты білмедім, айталық, Англияда гуманитарлық ғылымдар бойынша магистратура оқу ұзақтығы – бір жыл. Барлық бағдарламаны бір жылға сыйдыру оңай емес. Бір жылда тек теориялық білім аласың, бірақ практикаға үлгермейсің. Сондықтан теориялық білім болғандықтан, келгеннен кейін іске асырыла ма, уақыт жеткіліксіз ме, осыны нақты зерттеу керек. Менің де елге келуімнің басты себебі – келісім шарт. Өзім шетелде «саяси қатынастар» мамандығын меңгердім. Бірақ жана мамандық бойынша жұмыс табыла кетуі қиындау. Сондықтан, шет елден келгендер үшін басты мәселе жаңа мамандық бойынша жұмысқа орналасу. Айтпақшы, «Болашақ» бытырлардан бастап, осы дүниенің орнын толтыру үшін шетелде бір жыл қалып, жұмыс істеуге мүмкіндік берді.

– «Болашақ» бағдарламасы енгізілген 25 жыл ішінде 12 мыңнан аса адам шекарадан тыс білім алыпты. Олардың қоғамға тигізген үлесін сіз қалай айтар едіңіз?

– «Болашақ» бағдарламасының пайдасы шексіз. Себебі, білімге салынған капитал елдің дамуына қажетті капитал. Бірақ біз көп жағдайда «Болашақтың» пайдасын шенеуніктік креслоға қол жеткізгендермен бағалаймыз. Негізі, еліміздегі ғылым мен білім саласын да, шаруашылықтарда білімнің жетілдіріп келгендер аз емес. Меніңше, болашақтардың пайдалы әсер коэффициентінің сөз ете бергеннен гөрі, шет елде оқығандардың білім стандарты біздің қоғамға, мемлекетке сәйкес келе ме, мемлекеттің қиууар қаржысы жұмсалып, алынған білімнің сапасы қандай деген сауалдарға мән беретін уақыт келген секілді.

– Қазір елімізде дәстүрлі медиа өкілдері ақпаратты жаңа тәсілмен берудің жолын іздестіруде. Бағыс медиа кеңістігінде бұл мәселе қалай реттелген?

– Қазір Қазақстандағы дәстүрлі медиа өкілдері осы бағыттағы жұмысты бастап кеткен. Сөзімізге дәлел, The New York Times пен «Егемен Қазақстан» газетінің байланыста болуы. Жуырда «Егемен Қазақстан» АҚ-ның төрағасы Дархан Қыдырәлімен кездесіп, жаңа білімді, әсіресе ағылшын тілін меңгерген мамандарды өз ұжымына жиі шақыратынын білдім. Қай салада болмасын, сырт елде білім алған мамандардың потенциалын пайдалану жемісін беретін жүйе. Сондықтан, облыстық телеарна, басылымдар да бұл бастаманы қолға алғаны дұрыс секілді. Бірақ ескеру керек, өз пікірін білдіре алмайтын тілшіге, шындықты айта алмайтын БАҚ-қа қандай ерекшелік қоссаң да, халық қабылдамайды. Бүгінде, танымал теларналар, ВВС-дің өзі бағдарламалардың әлеуметтік желідегі нұсқасын даярлап жатыр. Тіпті, әлеуметтік желіде тікелей эфир жүргізуді тұрақты қолға алған. Бүгінде 3-4 миллиард адамға интернет қолжетімді екенін ескерсек, газетті, тіпті теларна хабарын әлеуметтік желісіз елестету мүмкін емес.

Сондықтан, журналистік қоғамдық мәселелерге пікір білдіру, желі қолданушылары көтерген мәселені шешуге атсалысып басылмының да, журналистің де абыройын арттырады.

– Блогер Өркен Кенжебек журналисті «көше сыпырушы» секілді мамандық деген еді. Көше сыпырушы болмаса, қала ластанып, адамдардың қозғалысы қиындайтыны белгілі. Сіз қазіргі кездегі журналистің міндетін қалай түсіндіресіз?

– Жалпы журналистикаға қатысты әлемдік қағидалар бар. Ол – объективті информация беру. Дәл қазіргі уақытта журналистер қаншалықты объективті? Дамыған, демократиялық мемлекеттер дегенің өзінде де объективті болу қиын. Бірақ ақпаратты беру, қоғамдағы мәселені айту жағынан ілгері-леушілік бар. Менің ойымша, журналистің ролі өсіп. Мәселені нақты айту, шынайы ақпарат беру.

– Биыл «Туған жерге тағзым» акциясына арнайы шақырылдыңыз. Алдағы уақытта, жана идеяларыңыз не тележобаларыңыз Сыр елімен байланысты болуы мүмкін бе?

– Туған жер дегенде көз алдыма Арал теңізі, экология, қиыншылық елестейді. Мұндайда Аралға қаншалықты үлес қосып, туған жерге қалай көмектестім деген ойлар келеді. Сондықтан, алдағы уақытта туған жерге келіп, медиа саласында, саяси журналистика бағытында жобалар дайындау ойла бар. Негізі, болашақтардың көбі еңбек жолын елордалармен байланыстырады, Астанаға шоғырланады. Бірақ, туған жерді ойласан, мұның бәрін құрбандыққа шалуға болады. Бұл кейін артына қарағанда қандай жұмыс атқардым, адамдарға қандай ой салдым деген адами қанағат үшін де керек шығар. Ал бүгінгі патриоттық форумға құрметтеп шақырғанына қуаныштымын.

– Сұхбатыңызға рахмет!  
Әңгімелескен  
Айдана ЖУМАДИНОВА,  
«Сыр бойы».

## «АДЫРНАНЫ» АЛДЫРЫҢЫЗ!

Шыға бастағанына небәрі екі-ақ жыл болған «Адырна» республикалық әдеби-көркем, қоғамдық журналы қазір танымал әдеби басылымға айналды. Еліміздің барлық өңірлеріне тарайтын басылым осы заманғы қазақ әдебиетінің тынысын кеңірек насихаттап, әдебиетшілердің барлық өкілдерін, әсіресе жас толқын ақын-жазушыларды үздіксіз қолдап отыр.

Келер жылы наурызда қорытындыланатын «Алтын жебе» әдеби байғысын жариялаған журналдың байге қорына 4 000 000 теңге белгіленіп, бас жүлдеге 2 000 000 теңге бөлінді. Бұл – әдебиетке тың серпін, жаңа озық шығармалар әкелу ниетімен жасалып отырған қадам.

«Адырнаның» тірегі – оқырман өзін, ұрпағын ұлт әдебиетімен сусындатуға мүдделі деп білеміз.

«Адырнаға» жазылыңыз!  
«Қазпоштананың» кез келген бөлімшесінен жаздырып алуға болады. Индекс 74939.

Қапы қалмаңыз. Жазылу желтоқсанның 15-де аяқталады.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АДЕБИ-КӨРКЕМ ЖУРНАЛ  
**АДЫРНА**  
Өз тіліңді, діліңді, рухыңды шынықтырығың келсе – «Адырнаны» оқы!  
Барлық пошта бөлімшелерінде!  
Бағасы – бір жылға 7 363 теңге ғана!  
Индекс 74939  
Ай сайын әдемі кітап оқысың!

## ЖӘРМӨҢКЕ ӨТКІЗІЛЕДІ

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы облыс әкімімен бекітілген кестеге сәйкес ағымдағы жылдың 1 желтоқсан күні Сырдария ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізілетіндігін хабарлайды. Жәрмеңке өткізу уақыты 09.00-ден-13.00-ге дейін.

Өтетін орны: Жанқожа батыр көшесі (Реалбаза алды).

## КҮЗ МЕРЕКЕСІН ТОЙЛАДЫ



Жақында «Достық үйінде» облыстық «Wiedergeburt» неміс қоғамдық-мәдени орталығының ұйымдастыруымен «Алтын дән» мерекесі өтті.

Германия мемлекетінде де бұл мереке күзде, бірақ әр аймағында өзіндік жергілікті дәстүрге қарай әртүрлі тойланады екен. Ежелгі заманнан бері мереке күзде жиналған астық үшін жер мен табиғатқа алғыс білдіру мақсатында өткізілетін болған. Үй мен потерлер бидаймен, жемістермен, жүзіммен және түрлі-түсті күздік жапыз-барлық облыстық этномәдени орталықтардың мүшелеріне ризашылығын білдіріп, алғыс хатпен марапатталды.

Шара соңында облыстық «Wiedergeburt» неміс қоғамдық-мәдени орталығының төрайымы Ирина Шек көрмеге қатысқан барлық облыстық этномәдени орталықтардың мүшелеріне ризашылығын білдіріп, алғыс хатпен марапатталды.

«СБ» ақпарат.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР ТАБЫСЫ

16-24 қараша аралығында Ташкентте шахматтан Батыс Азияның халықаралық турнирі өтті. Оған 11 мемлекеттен 530 шахматшы қатысты.



Бұл сында халықаралық жарыстарда ел намысын қорғап жүрген қос шахматшымыз 6 медальді иеленді. Өсел Серікбай блиц пен рапидтен қос алтын ала, классикадан күміс жүлдеге ие болды. Сонымен қатар ол классика нәтижесі бойынша «халықаралық спорт шебері» нормативін де орындады. Ал Назерке Нұрғали блиц пен рапидтен күміс, классикадан қола жүлдеге қол жеткізді. Қазақстан құрамасы 15 медальмен жалпыкомандалық есепте екінші орынды иеленген.

## ТӨРЕТАМДАСАМБОШЫЛАР БЕЛДЕСТІ

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен Төретам кентінде 2004-2005 және 2007-2008 жылдары туған жасөспірімдер арасында самбодан облыстық ашық біріншілік өтті. ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған жарысқа Шымкент, Қызылорда қалаларынан, аудандардан және Қармақты ауданының барлық елді мекендерінен 200-ге жуық самбошы 11 салмақ дәрежесінде екі жас ерекшелігі бойынша сынаға түсті.

Жарыс жеңімпаздары арнайы дипломмен, медальдармен марапатталды.

«СБ» ақпарат.

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**Аманкол ОҢҒАРБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі  
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі –  
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43  
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:  
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41  
экономика – 70-00-41, 70-00-68  
әлеумет және саясат – 70-00-73  
жарнама – 70-00-49, 70-00-52  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,  
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы талсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымы газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АК» – ақыл қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28687  
Талсырыс №1913